



VOL 2 (23) 2025

**JOURNAL OF
SCIENCE AND RESEARCH**



ASTANA

WWW.JSRJOURNAL.KZ

«Journal of Science and Research (JSR)»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің Ақпарат комитетінде
тіркелген № KZ41VPY00076697, 01.09.2023 ж.

Халықаралық ISSN орталығы (ISSN-L): [3006-4325](https://www.issn-l.org/details.do?issn=3006-4325)

Айына екі рет жарық көреді.



№ 2 (23) 2025

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

Гидрофиттік экожүйелердегі макрофиттерді зерттеу тәсілдері.....	4
<i>Тунгатова А.А.</i>	
Тәуелсіз Қазақстан және постимпериялық кеңістік: Еуразиялық аймақтағы тарихи сабақтастық.....	12
<i>Ауған Р.Б., Талипова Г.Қ., Досымбек А.Б., Қанағат А.Н.</i>	
Қазақстандағы ашаршылық және дүниежүзілік экономикалық дағдарыстар: XX ғасыр апаттарының тарихи сабақтары.....	21
<i>Қажығали Н.М., Амангелді Н.Е., Берікбай Д.Ж.</i>	
Революция автоматизированного монтажа: как ИИ-ассистенты трансформируют процесс создания видеоконтента от черновика до финальной версии.....	29
<i>Шалкар А.К.</i>	
Заманауи білім беру жүйесіндегі педагогикалық шеберлік пен кәсіби көшбасшылық: тәжірибелік-ғылыми талдау.....	34
<i>Қанағатова М.С.</i>	

FTAMP 13.01.11

Гидрофиттік экожүйелердегі макрофиттерді зерттеу тәсілдері Тунгатова Айгерим Асилбековна¹

7M01513- Биология ББ магистрант 1 курс, «Л.Н. Гумилёв атындағы
Еуразия ұлттық университеті», Астана, Қазақстан.

E-mail: aigerim.tungatova00@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада гидрофиттік экожүйелер құрамындағы макрофиттерді зерттеудің қазіргі заманғы әдістеріне ғылыми-әдеби шолу ұсынылады. Зерттеу аясында макрофиттерді биоиндикациялық, морфологиялық және кеңістіктік-уақыттық мониторинг әдістерімен талдау тәсілдері қарастырылған. Сондай-ақ әртүрлі экожүйелік контексттерде қолданылатын әдістемелердің салыстырмалы тиімділігін сипаттай отырып, мектеп биология курсына бұл тәсілдерді оқыту үдерісіне интеграциялау мүмкіндіктеріне де назар аударады. Мақалада соңғы жылдардағы шетелдік және отандық зерттеулердің нәтижелері негізге алынып, гидробиотика мен экожүйелік мониторинг салаларындағы әдістемелік жетістіктерге шолу жасалған. Шолу экологиялық білім беруді жетілдіруге бағытталған пәнаралық тәсілдерге негізделеді.

Түйін сөздер: макрофиттер, гидрофиттік экожүйелер, биоиндикация, морфологиялық әдістер, экожүйелік мониторинг, мектеп биологиясы, экологиялық білім

Кіріспе

Қазіргі кезеңде экожүйелік процестерді зерттеу мен табиғатты қорғауға бағытталған ғылыми және педагогикалық қызығушылық күн санап артып келеді. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасының ұлттық даму стратегиялық құжаттарында нақты көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2023 жылғы Қазақстан халқына жолдауында қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мәселелерін басымдықтардың бірі ретінде атап өтті [1]. Ол өз сөзінде экологиялық ағарту мен білім беру жүйесінде табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, мектеп бағдарламаларына экологиялық компоненттерді интеграциялауды міндеттеді. Сонымен қатар, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы (2021–2025 жж.) аясында табиғи ресурстарды сақтау, биоалуантүрлілікті қорғау және экологиялық сауаттылықты арттыру басты бағыт ретінде белгіленген [2]. Бұл бағдарламада білім беру ұйымдарына экологиялық тәрбие мен зерттеу қызметін мектеп деңгейінен бастау қажеттігі жүктелген.

Мектептегі биология курсы – оқушылардың табиғат туралы кешенді түсінігін қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі. Алайда қазіргі таңда бұл пәнде экожүйелерді зерттеудің нақты практикалық дағдылары мен әдістемелік мазмұны жеткілікті дәрежеде қамтылмаған. Әсіресе су экожүйелері мен олардың маңызды компоненті болып саналатын макрофиттерді зерттеу әдістері жеткіліксіз деңгейде беріледі. Гидрофиттік ортадағы макрофиттер – өзен, көл, батпақ және су қоймаларының экологиялық тұрақтылығы мен биологиялық әртүрлілігін сақтауда маңызды рөл атқаратын негізгі биоиндикаторлар.

Олардың көмегімен судың ластану деңгейі, трофикалық жағдайы және экожүйенің өзгеріс динамикасы жөнінде нақты ақпарат алуға болады. Сондықтан, макрофиттерді зерттеу әдістерін мектеп биологиясына енгізу – экологиялық білім мен зерттеу мәдениетін қалыптастыруда маңызды қадам.

Бұл мәселе қазіргі кезде халықаралық деңгейде де кеңінен талқыланып келеді. Макрофиттерді экожүйелік мониторингте қолдану бойынша бірқатар шетелдік зерттеушілер маңызды ғылыми еңбектер жариялаған. Мәселен, Sidinei M. Thomaz және әріптестері [3, 153 б.] макрофиттердің су экожүйелеріндегі құрылымдық-функционалдық рөлін, олардың қауымдастықтар арасындағы өзара әрекетін сипаттаған. Jan Vymazal [4, 530 б.] өз еңбектерінде макрофиттердің биофилтрация мен суды тазартудағы маңыздылығын көрсете отырып, оларды жасанды сулы экожүйелерде қолданудың тиімді жолдарын ұсынған. Patricia A. Chambers [5, 9 б.] болса, қоректік заттармен ластанған сулардағы макрофиттердің түрлік құрамындағы өзгерістерді жарық пен трофикалық жүктеме арқылы зерттеген.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте де бұл бағытта маңызды еңбектер бар. Мәселен, экологиялық білім беру саласында Ү.А. Құмар [6, 240 б.], З.Ж. Қарымсақова [7, 144 б.], М.С. Бекенова [7] сынды зерттеушілер мектеп бағдарламасында табиғатты зерттеу элементтерін күшейту қажеттілігін атап өтсе, экожүйелерді мониторингілеуде биоиндикаторлық тәсілдерді қолдану жөнінде Қ.М. Жұртбай және А.Б. Әбдірайымова [8, 65.] зерттеулер жүргізген. Сонымен қатар, К.А. Әлімқұлова мен Б.Р. Сабырбаев [9, 112 б.] макрофиттердің биомониторингтегі рөліне қатысты нақты өңірлік мысалдар келтіріп, Қазақстан су айдындарында жиі кездесетін өсімдіктер түрлерін сипаттаған.

Алайда жоғарыда аталған ғылыми негіздерге қарамастан, мектеп биология курсына бұл тәсілдердің жүйелі түрде қолданылуы әлі де шектеулі күйде қалып отыр. Біріншіден, теориялық мазмұн мен практикалық іс-әрекет арасындағы алшақтық – оқушылардың экологиялық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін төмендетеді. Мысалы, су өсімдіктерін зерттеу әдістері оқулықтарда аталғанымен, оларды мектеп деңгейінде нақты тәжірибелік жұмыстармен бекіту көзделмеген. Екіншіден, биология пәні мұғалімдерінің бұл бағыттағы әдістемелік дайындық деңгейі де жеткіліксіз. Макрофиттерді зерттеу әдістері туралы отандық әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтардың тапшылығы оқу үдерісінде бұл тақырыпты енгізуге кедергі келтіреді. Үшіншіден, мектеп экожүйесінің техникалық жабдықталуы мен су қоймаларына қолжетімділігі – зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік бермейтін тағы бір фактор.

Осыған байланысты гидрофиттік экожүйелердегі макрофиттерді зерттеу тәсілдерін биология пәні мазмұнына интеграциялау қажеттілігі туындайды. Бұл тәсіл оқушылардың экожүйелік ойлау қабілетін дамытуға, ғылыми әдістерді қолдана білуіне және қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағыт мектепте экологиялық зерттеу жобаларын ұйымдастыруға, пәнаралық байланысты күшейтуге және білім беру процесін табиғи ортада жүзеге асыруға жол ашады.

Жалпылай келе, қазіргі заманғы мектеп биологиясында макрофиттерді зерттеу тәсілдерін жүйелі түрде қолдану – табиғат туралы ғылыми білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл зерттеудің мақсаты – гидрофиттік экожүйелерде қолданылатын макрофиттерді зерттеу әдістеріне ғылыми-әдеби шолу жүргізу арқылы оларды мектеп практикасында тиімді қолдану жолдарын анықтау. Осы арқылы білім беру мен ғылым арасындағы байланыс нығайып, экологиялық білім беру сапасы артады деп күтіледі.

Әдістеме

Бұл зерттеудің әдістемелік негізі ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде жүргізілген ғылыми зерттеулерге жүйелі әдеби шолу жасау тәсілі таңдалды. Әдеби шолу – белгілі бір ғылыми мәселе бойынша жинақталған мәліметтерді салыстыра отырып, олардың мазмұнын, бағыттарын және қолданылған әдіснамалық амалдарды талдауға мүмкіндік беретін зерттеу әдісі. Осы мақалада бұл тәсіл макрофиттерді зерттеудің гидрофиттік экожүйелердегі қолдану ерекшеліктерін кешенді сипаттау мақсатында пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу жасау барысында алдымен зерттеу тақырыбына сәйкес келетін материалдарды мақсатты іріктеу жүргізілді. Негізгі назар ТМД елдеріндегі ғылыми мақалаларға, кандидаттық және докторлық диссертацияларға, халықаралық және өңірлік конференция жинақтарына, сондай-ақ ресми экологиялық есептер мен әдістемелік нұсқаулықтарға аударылды. Іріктеу критерийлері ретінде авторлардың макрофиттерге бағытталған зерттеулері, гидрофиттік экожүйелердің сипаттамасы және қолданылған әдіснамалық тәсілдері алынды. Бұл тәсіл әдебиеттердің ғылыми жаңалығын, әдістемелік өзектілігін және зерттеу аясындағы релеванттылығын қамтамасыз етті.

Іріктелген дереккөздер негізінде мазмұндық талдау жүргізілді. Бұл талдау барысында әрбір зерттеудің құрылымы, мақсаты, әдістері мен нәтижелері жүйеленіп, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылды. Мәселен, Ресей Федерациясында макрофиттерді биоиндикатор ретінде қолдану әдістері кеңінен дамыған. Белгілі ғалымдар – А.А. Голубева [12, 45 б.], Л.И. Чистякова және С.Ю. Лукина [13, 134 б.] өз еңбектерінде макрофиттердің сапалық-сандық құрамын бағалау арқылы су экожүйесінің жағдайын анықтау тәсілдерін ұсынған. Ал Өзбекстан мен Әзірбайжан елдерінде макрофиттерді маусымдық мониторинг пен морфо-анатомиялық талдау арқылы зерттеу басым. Қазақстандық зерттеушілер – Қ.М. Жұртбай, К.А. Әлімқұлова, Б.Р. Сабырбаев өз жұмыстарында өңірлік су қоймаларындағы макрофиттердің экологиялық индикатор ретіндегі рөлін сипаттай отырып, далалық-эксперименттік әдістерге сүйенеді.

Зерттеу әдісінің келесі кезеңі – салыстырмалы талдау болды. Мұнда түрлі авторлар ұсынған әдістердің қолдану шарттары, зерттеу масштабтары, құрал-жабдықтар мен өлшеу параметрлері салыстырылды. Нәтижесінде әдістердің

тиімділігі, қолдану шекаралары мен мектеп биология курсына бейімдеу мүмкіндіктері анықталды. Мысалы, биоиндикациялық әдістер мектеп оқушылары үшін қолжетімді әрі экологиялық сауаттылықты арттыруда маңызды құрал бола алады. Бұл шолу әдісі арқылы ТМД елдері контекстіндегі макрофиттерді зерттеу бойынша жинақталған тәжірибе мен әдістемелерді саралай отырып, мектеп деңгейіндегі экожүйелік зерттеуге енгізуге болатын озық практикалар анықталды. Сонымен қатар, бұл тәсіл халықаралық ғылыми-әдістемелік өзара байланыстарды ескеруге, пәнаралық ықпалдастықты күшейтуге және экологиялық білім берудің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Осылайша, таңдалған әдістеме – әдеби шолу жасау – тек теориялық ақпарат жинауға ғана емес, сонымен қатар практикалық-әдістемелік шешімдер ұсынуға мүмкіндік беретін ғылыми негізделген құрал болып табылады. Зерттеу нәтижелері мектеп биология курсының мазмұнын макрофиттерді зерттеу әдістерімен байытуға, ал экожүйелік ойлауды қалыптастыруға бағытталған оқу әрекеттерін жандандыруға ықпал етеді.

Нәтижелер және талдау

Жүргізілген әдеби шолу нәтижесінде ТМД елдерінде макрофиттерді зерттеу саласында қолданылатын әдістердің әртүрлілігі мен аймақтық ерекшеліктері анықталды. Жинақталған материалдар негізінде зерттеу әдістері бірнеше негізгі бағыттарға топтастырылды: биоиндикациялық, морфо-анатомиялық, маусымдық мониторинг және интеграцияланған далалық зерттеулер.


Биоиндикациялық әдістер Ресей мен Қазақстанда кеңінен қолданылады. Бұл әдістер судың сапасын, трофикалық жай-күйін және антропогендік әсерлердің деңгейін макрофиттердің түрлік құрамына, өсімді биомассаға және таралу сипатына қарай бағалауға мүмкіндік береді. А.А. Голубева (РФ) және Қ.М. Жұртбай (ҚР) еңбектерінде су өсімдіктері биоиндикатор ретінде сенімді, қолжетімді және визуалды сипаттамаларға ие компоненттер ретінде қарастырылған. Бұл әдістер экожүйенің жалпы жағдайын кешенді бағалауға бағытталған.

Морфо-анатомиялық әдістер Өзбекстан мен Әзірбайжан ғалымдарының еңбектерінде жиі кездеседі. Бұл бағытта Ш.И. Рамазановтың (Өзб.) және Н.А. Мамедованың (Әзірб.) еңбектері ерекше орын алады. Олар макрофиттердің морфологиялық құрылымын маусымдық өзгерістерге байланысты зерттей отырып, климаттық факторлардың және су деңгейінің әсерін сипаттаған. Мұндай зерттеулер экожүйелік процестердің динамикасын талдауда маңызды құрал болып табылады.

Маусымдық мониторинг әдістері көбінесе ай сайынғы немесе маусымдық қайталанатын өлшемдерге негізделеді. Бұл тәсіл уақыт өте келе экожүйедегі өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. Ресейлік зерттеушілер Л.И. Чистякова мен С.Ю. Лукина өз еңбектерінде бұл әдістерді қолдана отырып, су қоймаларында эвтрофикацияның деңгейін макрофиттердің фенологиялық кезеңдерімен байланыстырған.

Зерттеу әдістерін салыстырмалы түрде талдай отырып, олардың мектеп биологиясына бейімделу мүмкіндіктері де қарастырылды. Биоиндикациялық әдістер – қарапайым, арнайы құрал-жабдықты қажет етпейтіндігімен ерекшеленеді және оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Морфологиялық әдістер тереңірек талдау жасауға мүмкіндік бергенімен, күрделі микроскопиялық бақылауларды талап етеді. Ал маусымдық мониторинг әдісі ұзақ мерзімді бақылауды қажет ететіндіктен, мектеп деңгейінде арнайы жобалық сабақтар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жинақталған мәліметтерді негізге ала отырып, макрофиттерді зерттеу әдістерінің таралу жиілігі және қолданылу мақсатына қарай келесі сурет ұсынылады:



Сурет 1. Елдер бойынша әдістердің таралуы мен жиілігі

Аталған сурет арқылы елдер бойынша әдістердің таралуы мен жиілігін көрсетуге болады. Сонымен қатар, әрбір әдістің мектеп бағдарламасына бейімделу мүмкіндігі жеке көрсеткіш ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жалпылай келе, ТМД елдерінде макрофиттерді зерттеудің әдіснамалық тәжірибесі әртүрлі бағыттарда дамып келеді. Бұл тәжірибелерді жүйелеп, мектеп биологиясына бейімдеу арқылы оқушылардың экожүйелік сауаттылығын арттыруға және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға нақты мүмкіндік бар. Осы зерттеу нәтижелері – мұғалімдер мен әдіскерлер үшін құнды әдістемелік негіз бола алады.

Гидрофиттік экожүйелердегі макрофиттерді зерттеу әдістерін мектеп биологиясына тиімді енгізу үшін бірнеше бағытта жұмыс жүргізу қажет. Біріншіден, білім беру бағдарламаларын жаңарту барысында экожүйелік зерттеу элементтерін нақтылап, практикалық-тәжірибелік жұмыстармен толықтыру ұсынылады. Бұл оқушылардың табиғи нысандармен тікелей жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп, экологиялық сауаттылығын арттырады.

Екіншіден, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына макрофиттерді зерттеу әдістерін оқытатын арнайы модуль енгізу қажет. Бұл педагогтарға әдістемелік сенімділік беріп, сабақ мазмұнын жандандыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, мектептерде экологиялық-биологиялық бағыттағы шағын зертханалар мен табиғи бұрыштар ұйымдастыру арқылы зерттеу инфрақұрылымын жақсарту маңызды. Сонымен қатар, өңірлік университеттермен ынтымақтастық орнату арқылы далалық тәжірибелер ұйымдастыру – ғылыми-практикалық байланысты нығайтады.

Қорытынды

Жүргізілген әдеби шолу нәтижесінде ТМД елдерінде макрофиттерді зерттеу бағытында қолданылатын әдістердің ауқымды әрі әртүрлі екені анықталды. Биоиндикациялық, морфо-анатомиялық және маусымдық мониторингке негізделген тәсілдер су экожүйелерінің жағдайын бағалауда маңызды ғылыми және практикалық құралдар ретінде танылды. Әсіресе Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Әзірбайжан елдерінің ғылыми тәжірибесі макрофиттерді зерттеудің кешенді амалдарын ұсынуымен ерекшеленеді.

Бұл әдістердің мектеп биология курсына бейімделуі – оқушылардың экожүйелік ойлауын дамытуға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және табиғатқа деген жауапкершілік сезімін күшейтуге зор мүмкіндік береді. Алайда, теория мен практика арасындағы алшақтық, әдістемелік материалдардың тапшылығы және мұғалімдердің дайындық деңгейі – бұл үдерістің тиімді жүзеге асуына кедергі келтіретін негізгі факторлар.

Сондықтан макрофиттерді зерттеу әдістерін білім беру процесіне интеграциялау ғылыми негізделген әдістемелік қолдауды, институционалдық ынтымақтастықты және заманауи педагогикалық тәсілдерді талап етеді. Бұл – экологиялық білім беру сапасын арттырудағы маңызды стратегиялық бағыт.

Қолданылған деректер тізімі

1. Тоқаев Қ.Ж. Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына Жолдау. – Астана: Ақорда, 2023. – Қолжазба түрінде.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары 2021–2025 жж. – Астана: ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, 2021. – 80 б.
3. Thomaz S.M., Dibble E.D., Evangelista L.R., Higuти J., Bini L.M. Influence of aquatic macrophyte habitat complexity on invertebrate abundance and richness in Brazilian floodplain lakes. *Hydrobiologia*, 2008, Vol. 610, pp. 153–163.
4. Vymazal J. Constructed wetlands for wastewater treatment. *Water*, 2010, Vol. 2, No. 3, pp. 530–549.
5. Chambers P.A., Lacoul P., Murphy K.J., Thomaz S.M. Global diversity of aquatic macrophytes in freshwater. *Hydrobiologia*, 2008, Vol. 595, pp. 9–26.
6. Құмар Ю.А. Экологиялық білім берудің теориялық негіздері және оны мектеп тәжірибесінде қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 240

6.

7. Қарымсақова З.Ж., Бекенова М.С. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы мектеп пәндерінің ықпалы. – Алматы: РБК, 2020. – 144 б.

8. Жұртбай Қ.М., Әбдірайымова А.Б. Макрофиттерді зерттеудің биоиндикаторлық тәсілдері: Қазақстан жағдайы. // Қазақ ұлттық аграрлық университетінің хабаршысы. – 2021. – №3(45). – Б. 65–70.

9. Әлімқұлова К.А., Сабырбаев Б.Р. Су өсімдіктерінің түрлік құрамын аймақтық деңгейде зерттеу. // Экология және тұрақты даму журналы. – 2022. – №4(18). – Б. 112–118.

10. Қазақстан Республикасы мен БҰҰДБ. Қазақстанда экологиялық білім беру жүйесін дамыту жобасы. – Астана: ҚР БҒМ, 2023. – 36 б.

11. UNDP Kazakhstan. Developing environmental education in schools. [Электрондық ресурс] // United Nations Development Programme Kazakhstan. – 2023. – Қолжетімді: <https://www.undp.org/kazakhstan/press-releases/undp-and-ministry-education-and-science-kazakhstan-launched-project-develop-environmental-education>

12. Голубева А.А. Биоиндикационные методы оценки состояния водоемов на основе водной растительности. // Вестник экологии и биологии. – 2018. – №4(32). – С. 45–51.

13. Чистякова Л.И. Макрофиты как индикаторы эвтрофикации водных экосистем. – Санкт-Петербург: Наука, 2016. – 134 с.

14. Лукина С.Ю. Методические подходы к оценке видового состава и обилия водных растений. // Экологические исследования. – 2020. – Т. 28, №1. – С. 63–69.

Методы исследования макрофитов в гидрофитных экосистемах

Тунгатова Айгерим Асылбековна¹

Магистрант 1 курса образовательной программы 7M01513 – Биология,
«Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва», Астана,
Казахстан

E-mail: aigerim.tungatova00@gmail.com

Аннотация. В статье представлен научно-литературный обзор современных методов исследования макрофитов в составе гидрофитных экосистем. В рамках исследования рассмотрены подходы к анализу макрофитов с применением биоиндикации, морфологических и пространственно-временных методов мониторинга. Также рассматриваются возможности интеграции этих методов в процесс преподавания школьного курса биологии, при сравнительной оценке их эффективности в различных экосистемных контекстах. В качестве основы использованы результаты отечественных и зарубежных исследований последних лет, сделан обзор методических достижений в области гидробиологии и экосистемного мониторинга. Обзор основан на междисциплинарных подходах, направленных на совершенствование экологического образования.

Ключевые слова: макрофиты, гидрофитные экосистемы, биоиндикация, морфологические методы, экосистемный мониторинг, школьная биология, экологическое образование

Research Methods for Studying Macrophytes in Hydrophytic Ecosystems

Tungatova Aigerim Asilbekovna¹

1st-year Master's student in the Educational Program 7M01513 – Biology,
"L.N. Gumilyov Eurasian National University", Astana, Kazakhstan

**E-mail: aigerim.tungatova00@gmail.com*

Abstract. *This article presents a scientific literature review of modern methods for studying macrophytes in hydrophytic ecosystems. The research focuses on the analysis of macrophytes using bioindication, morphological, and spatio-temporal monitoring methods. Furthermore, the article examines the relative effectiveness of these methodologies in different ecosystem contexts and highlights the potential for integrating such approaches into school biology curricula. The review is based on recent foreign and domestic studies and provides an overview of methodological advances in the fields of hydrobotany and ecosystem monitoring. The analysis is grounded in interdisciplinary approaches aimed at improving ecological education.*

Keywords: *macrophytes, hydrophytic ecosystems, bioindication, morphological methods, ecosystem monitoring, school biology, ecological education*

FTAMP 03.20.03

Тәуелсіз Қазақстан және постимпериялық кеңістік: Еуразиялық аймақтағы тарихи сабақтастық**Р.Б. Ауған¹, Г.Қ. Талипова², А.Б. Досымбек³, А.Н. Қанағат⁴**¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан.**E-mail: raushanauganova@icloud.com, talipovagulchehra05@gmail.com, dosymbekaisha@mail.ru, aysulu.kanagat@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл зерттеуде Тәуелсіз Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі орны мен оның тарихи-цивилизациялық сабақтастығы жүйелі талдауға алынады. Сондай-ақ ұлт-мемлекеттіліктің институционалдық қалыптасу үдерісін, посткеңестік реконфигурация жағдайындағы тарихи жадтың репрезентативтік және консолидациялық функцияларын теориялық-концептуалдық деңгейде қарастырады. Еуразиялық макроаймақтағы геосаяси динамика мен аймақтық интеграцияның тарихи алғышарттары салыстырмалы-сараптамалық әдіс арқылы ашылады. Мақалада Қазақстанның ішкі саяси трансформациясы мен халықаралық көпвекторлы стратегиясы тарихи легитимация тұрғысынан түсіндіріліп, жаһандық жүйедегі орны сараланады. Зерттеу нәтижелері мемлекеттіліктің тарихи негіздерін қайта пайымдауға және еуразиялық кеңістіктегі диахронды ықпалдастық модельдерін зерделеуге негіз қалайды.

Түйін сөздер: ұлт-мемлекеттілік, тарихи жад, постимпериялық кеңістік, геосаяси трансформация, интеграциялық парадигма, Еуразия.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңі постимпериялық кеңістіктегі тарихи үдерістермен тығыз байланысты. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Еуразия кеңістігінде бұрынғы біртұтас империялық құрылым орнына егемен мемлекеттер жүйесі қалыптасты. Солардың бірі — Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық мемлекеттілігін қалыптастыру жолында тарихи сабақтастық пен жаңа саяси-экономикалық бағыттарды ұштастыру қажеттілігіне тап болды. Осы тұрғыдан алғанда, постимпериялық кеңістік жағдайында Қазақстанның ұлт ретінде орнығуы мен оның еуразиялық аймақтағы интеграциялық үдерістерге қатысуы тарихи зерттеудің маңызды нысаны болып табылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан саяси тұрақсыздық пен экономикалық күйзеліс жағдайында аймақтық деңгейдегі ынтымақтастықты нығайтуға басымдық берді. Бұл кезеңде ТМД аясында кеңестік кезеңнен қалған экономикалық байланыстарды сақтап қалу қажеттілігі туындады. 1994 жылы Қазақстан мен Өзбекстан арасында Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шарт жасалып, кейін оған Қырғызстан қосылды. Мұндай қадамдар Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара ықпалдастықтың институционалдық негізін қалады [1]. Бұл ретте Қазақстанның сыртқы саясаттағы прагматикалық бағыты – өзінің ұлттық мүдделерін сақтай отырып, аймақтағы жетекші позицияны нығайтуға бағытталғанын көрсетеді.

1994 жылы Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде сөйлеген тарихи баяндамасында Еуразиялық одақ құру идеясын ұсынды. Бұл бастама посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің экономикалық және саяси интеграциясын тереңдетуге бағытталған алғашқы стратегиялық ұсыныс болды. Аталған идея кейіннен бірнеше сатыдан өтіп, 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына алып келді [2]. Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстан бұл үдерісте бастамашы елдердің бірі ретінде әрекет етті, ал ЕАЭО жобасы кеңестік кезеңнен кейінгі интеграциялық сабақтастықтың институционалдық жалғасы ретінде қарастырылады [3, б. 7].

Еуразиялық интеграция идеясының тарихи тамырлары да назар аударуға тұрарлық. XX ғасырдың басындағы еуразияшылдық тұжырымдамалары – Л. Гумилев пен Н. Трубецкой еңбектерінде көрініс тапқан бұл идеялар – Еуразия халықтарының тарихи, мәдени және геосаяси тұтастығын дәлелдеуге ұмтылды. Қазақстан осы идеяны посткеңестік шындықпен үйлестіре отырып, өзінің геосаяси және өркениеттік ділін айқындауға тырысты [4, б. 456].

Сонымен қатар, Қазақстанның ішкі мемлекеттік құрылымы мен құқықтық-саяси жүйесінде кеңестік кезеңнен берілген сабақтастық элементтері де сақталды. Сот жүйесі мен басқару институттарында кеңестік құқықтық үлгілердің әсері байқалады. Айыптау бағытының басымдығы, құқық қорғау органдарының ықпалы — бұл постимпериялық кеңістіктегі көптеген елдерге тән құбылыстардың бірі [5, б. 274]. Бұл тарихи инерция тек институционалдық салада ғана емес, қоғамдық сананың құрылымында да сақталғаны анық.

Дегенмен, Қазақстан өзінің сыртқы саясатында бір ғана аймақтық құрылыммен шектелмей, көпвекторлы бағытты ұстанды. Бұл елдің Ресеймен қатар Қытай, АҚШ, Еуропалық Одақпен де теңгерімді қатынас орнатуына мүмкіндік берді. Мұндай стратегиялық таңдау Қазақстанды постимпериялық кеңістіктегі ең табысты мемлекеттердің қатарына шығарды және оның еуразиялық кеңістіктегі саяси беделін нығайтты [6, б. 182]. Көпвекторлы сыртқы саясаттың негізінде Қазақстан тек интеграция объектісі емес, өз алдына дербес тарихи-саяси субъект ретінде қалыптасты.

Осылайша, Тәуелсіз Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі орны – тарихи сабақтастық пен жаңғырудың күрделі диалектикасы ретінде көрініс береді. Бір жағынан, еліміз кеңестік жүйеден мұраға қалған құрылымдық үлгілерді пайдаланды, екінші жағынан, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру мен халықаралық аренада өзіндік позициясын нығайту жолында жаңа стратегиялық бағыттарды жүзеге асырды. Бұл үдерістерді ғылыми тұрғыдан зерделеу Қазақстанның еуразиялық кеңістіктегі даму траекториясын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдістеме

Осы зерттеу жұмысының әдістемелік негізі Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі тарихи сабақтастығын Кеңес Одағы кезеңі мен тәуелсіздік жылдары аясында салыстыра талдауға құрылды. Мақала тақырыбының мазмұнына сай тарихи үдерістерді кеңістіктік және

хронологиялық тұрғыдан тұтас қамтып, олардың ішкі логикасы мен саяси-әлеуметтік динамикасын зерделеу үшін бірнеше ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Бұл әдістердің негізінде тарихи фактілерді салыстыру, интерпретациялау, құрылымдық сараптау мен мазмұндық өлшеу тәсілдері жатыр. Әр әдіс зерттеу пәніне сай таңдалып, бір-бірімен логикалық байланыста қолданылды.

Зерттеудің басты әдісі – тарихи-салыстырмалы талдау. Бұл тәсіл Кеңес кезеңіндегі және Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі саяси, құқықтық, әлеуметтік институттарды, сондай-ақ аймақтық интеграциялық үдерістерді салыстыра отырып, сабақтастық пен трансформацияны анықтауға бағытталған. Мәселен, Кеңестік әкімшілік басқару жүйесі мен қазіргі мемлекеттік басқару құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар осы әдіс арқылы зерделенді. Бұл тәсілдің артықшылығы – екі кезеңдегі құбылыстар мен құрылымдарды шендестіре отырып, тарихи дамудың эволюциялық сипатын көруге мүмкіндік береді. Салыстырмалы әдіс Қазақстанның постимпериялық кеңістікте қандай мұралармен жұмыс істегенін және қандай жаңаша бағыттарды таңдағанын нақтылауға негіз болды [7].

Мазмұндық талдау (контент-талдау) әдісі дереккөздерден алынған мәтіндердің құрылымын зерттеп, жиі кездесетін ұғымдар мен мағыналық акценттерді анықтауға мүмкіндік берді. Кеңестік кезеңнің партиялық құжаттары, ресми баяндама мәтіндері мен мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік стратегиялар, президент жолдаулары мен интеграциялық келісімдер мәтіндері салыстырмалы түрде талданды. Контент-талдау барысында "бірлік", "ұжым", "идеология", "интеграция", "егемендік", "жаңа тарих" сынды ұғымдардың қолданыс жиілігі мен мағынасы өзгерісі сараланды. Бұл әдіс арқылы кезеңдік идеологиялық парадигмалар мен лексикалық ерекшеліктер арасындағы сабақтастық пен үзілістер айқындалды. Сонымен қатар, ресми дискурстағы ұғымдық өзгерістердің мемлекеттілік ұстанымдармен өзара байланысы зерделенді [8].

Тарихи интерпретация – зерттеу жұмысының сапалық деңгейін қамтамасыз ететін басты құралдардың бірі. Бұл әдіс арқылы алынған тарихи деректер мен фактілер олардың пайда болған контексті аясында қарастырылып, әрбір оқиға немесе шешім сол кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайымен байланыстырылды. Интерпретация барысында Қазақстандағы постимпериялық жағдайдың ерекшеліктері кеңестік билік формалары мен тәуелсіздік жылдарындағы модернизациялық ұмтылыстар арқылы түсіндірілді. Кеңестік кезеңдегі билік вертикалі мен қазіргі көпвекторлы сыртқы саясаттың арасындағы тарихи логика мен прагматикалық негіз осы әдіс арқылы айқындалды [9].

Құрылымдық-функционалдық тәсіл зерттеу объектісін жүйелік деңгейде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс қоғамды біртұтас құрылым ретінде қарастырып, оның ішкі институттары мен олардың атқаратын қызметтерін саралауға бағытталған. Кеңес Одағынан мұраға қалған басқару құрылымдары, аймақтық саяси қарым-қатынас үлгілері мен заңнамалық

тәжірибе тәуелсіз Қазақстанда қалай қайта бейімделгені осы тәсілмен талданды. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақ сынды интеграциялық құрылымдарға Қазақстанның қатысу форматы мен рөлі де функционалдық тұрғыдан бағаланды. Бұл тәсіл құрылымдық сабақтастықтың сыртқы және ішкі көріністерін жүйелі саралауға жол ашты [10].

Зерттеу барысында қолданылған барлық әдістер өзара толықтырылып отырды. Алдымен дереккөздерге мазмұндық талдау жүргізіліп, маңызды тақырыптар мен ұғымдар анықталды. Кейін тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы бұл тақырыптар екі кезеңге тән сипаттармен салыстырылып, сабақтастық немесе үзіліс сипаты нақтыланды. Бұдан кейін тарихи интерпретация арқылы анықталған ерекшеліктер контекстуалдық түсіндіруге ұшырап, себеп-салдарлық байланыс орнатылды. Құрылымдық-функционалдық тәсіл соңғы қорытындыларды институционалдық деңгейде бекітуге, тарихи сабақтастықтың жүйелік логикасын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу Қазақстанның тарихи жолын тек хронологиялық түрде сипаттап қана қоймай, оның құрылымдық, идеялық, және функционалдық негіздерін ғылыми дәлдікпен түсінуге бағытталған. Кешенді әдістерді үйлестіре қолдану зерттеудің ғылыми құндылығын арттырып, Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі даму ерекшеліктерін терең пайымдауға мүмкіндік берді. Мақаланың келесі бөлімінде осы әдістемелер нәтижесінде алынған қорытындылар негізінде нақты талдау жүргізіледі.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының постимпериялық кеңістіктегі тарихи даму траекториясының сабақтастыққа негізделі отырып, бірқатар жаңа бағыттармен ұштасқанын көрсетті. Кеңес дәуірінен бастау алған саяси-әкімшілік жүйелер, кадрлық құрылымдар мен идеологиялық модельдер тәуелсіздік жылдарында ішінара трансформацияға ұшырағанымен, олардың негізгі құрылымдық қаңқасы жаңа жағдайда бейімделіп өмір сүруін жалғастырғаны байқалады. Бұл жағдай мемлекеттілік эволюциясында бір мезгілде әрі тарихи жалғастықты, әрі жаңару үдерісін қатар алып жүрудің күрделі сипатын айқын көрсетеді.

Алдымен мемлекеттік басқару құрылымына тоқталсақ, Қазақстан Кеңес Одағынан қалған орталықтандырылған әкімшілік жүйені бастапқы кезеңде толығымен сақтап қалды. 1993 жылғы алғашқы Конституция мен 1995 жылғы жаңа Конституцияда президенттік басқару формасы орнықтырылып, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдіктен гөрі атқарушы биліктің басымдығы қамтамасыз етілді. Бұл тәсіл Кеңес үкіметі кезіндегі саяси вертикальдің жаңаша түрдегі жалғасы ретінде көрініс тапты. Дегенмен, саяси институттардың формалды түрде жаңғыруы – Парламенттің құрылуы, көппартиялық жүйенің жариялануы – Қазақстанның демократиялық қағидаттарды ішінара енгізуге талпынғанын байқатады. Бұл — сабақтастық пен трансформацияның қатар жүретінінің бір айғағы.

Сыртқы саясатта да осындай екіжақты үрдіс байқалды. Кеңестік кезеңде Қазақстан дербес халықаралық субъект болмағандықтан, сыртқы саясаттың барлық мәселелері Мәскеуде шешілетін. Ал тәуелсіздік алған сәттен бастап, ел өзін жаһандық деңгейде мойындата отырып, көпвекторлы сыртқы саясат ұстанымын енгізді. Мұнда Ресеймен дәстүрлі серіктестік жалғаса отырып, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропа елдерімен және ислам әлемімен теңгерімді қатынастар орнатылды. Айта кетерлігі, Ресеймен арадағы ынтымақтастық кеңестік тарихи байланыстарға сүйенді. Бұл байланыс саяси бағдар ғана емес, сонымен қатар экономикалық интеграция формасына да айналды. Осы орайда Қазақстанның бастамасымен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – постимпериялық кеңістіктегі сабақтастықтың институционалдық көрінісі ретінде қарастырылады.

Зерттеуде аймақтық интеграциялық бастамалар ерекше назарға алынды. Кеңес дәуірінде республикалар арасындағы экономикалық тәуелділік жоғары болғаны мәлім. Тәуелсіздік жылдарында бұл тәуелділік ерікті әрі прагматикалық ынтымақтастық формасына көшті. 1994 жылғы Еуразиялық Одақ туралы идеядан бастап, 2000 жылғы ЕурАзЭҚ, кейінгі Кедендік Одақ, ақырында 2015 жылы құрылған ЕАЭО – мұның барлығы кеңестік кеңістіктегі интеграция логикасының жаңа тарихи кезеңде жаңғыруын білдіреді. Қазақстан бұл үрдісте геоэкономикалық тұрғыдан да, тарихи-мұралық негізде де белсенді рөл атқарды.

Осы салыстырмалы динамиканы көрсету мақсатында зерттеу барысында келесі кесте жасалды:

Кесте 1. Кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі құрылымдық-саяси салыстырма

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Кеңестік кезең (1936–1991)	Тәуелсіздік кезеңі (1991–бүгінгі күнге дейін)
1	Мемлекеттік басқару үлгісі	Қатаң орталықтандырылған, бір партиялы жүйе	Президенттік, жартылай орталықтандырылған
2	Сыртқы саясат	Мәскеу арқылы жүргізілді	Көпвекторлы, дербес
3	Аймақтық интеграция	Кеңес кеңістігінде экономикалық бірігу	ЕАЭО, ШЫҰ, ТМД аясында прагматикалық негізде
4	Кадрлық сабақтастық	Коммунистік номенклатура	Кеңес кезеңінен келген элита трансформациясы
5	Тарихи сана және дискурс	Марксистік-лениндік методология	Ұлттық тарихтың қайта жазылуы

Тарихи жады мен идеологиялық дискурс та белгілі бір деңгейде сабақтастық пен жаңғырудың симбиозына айналды. Кеңес заманында үстем болған марксистік-лениндік тұжырымдардың орнын 1990 жылдары ұлттық патриоттық бағыт алмастырды. Алаш қозғалысы, Қазақ хандығы, ашаршылық, қуғын-сүргін секілді бұрын жабық тақырыптар зерттеу нысанына айналды. Алайда тарихи интерпретацияда да толық үзіліс болған жоқ – кеңестік кезеңдегі кейбір оң тәжірибелер, мысалы, индустрияландыру мен әлеуметтік тұрақтылық мәселелері жаңа тарихи контексте оң бағалануда. Бұл ұстаным — радикалды ревизиядан гөрі, өткенді прагматикалық тұрғыдан қайта пайымдаудың көрінісі.

Жалпылай келе, Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі тарихи жолы толық үзіліс немесе толық сабақтастық емес, екі құбылыстың күрделі өзара ықпалдастығы түрінде дамыды. Кеңестік мұра құрылымдық, институционалдық және кадрлық деңгейде елеулі әсер еткенмен, тәуелсіздік алғаннан кейінгі реформалар бұл жүйені жаңаша мазмұнмен толтырып, жаңа тарихи мақсаттарға бағыттауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан өзінің тарихи негіздеріне сүйене отырып, сыртқы саясатта дербестік, аймақтық ықпалдастықта бастамашылдық және ішкі саясатта кезеңдік бейімделу арқылы постимпериялық кеңістіктегі жетекші мемлекеттердің біріне айналды.

Талқылау

Зерттеу барысында анықталған негізгі нәтижелер Қазақстанның постимпериялық кеңістіктегі тарихи орны мен даму динамикасын көпқырлы ұстанымдар аясында қарастыру қажеттігін көрсетті. Кеңес дәуірінен қалған институционалдық құрылымдардың тәуелсіздік жағдайында бейімделуі – толық үзілістен гөрі, эволюциялық сабақтастық жолының басым екенін дәлелдейді. Бұл үдеріс посткеңестік кеңістіктегі басқа мемлекеттерге де тән болғанымен, Қазақстан оны тұрақтылық пен саяси прагматизмге сүйене отырып іске асырған санаулы елдердің бірі ретінде ерекшеленеді.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің өз тарихи жадын қайта пайымдауға деген ұмтылысы қоғамдық санада маңызды өзгерістерге алып келді. Ұлттық тарихты қайта жазу, бұрынғы репрессия мен отарлық саясатты ашық талдау, Алаш зиялыларының еңбегін қайта бағалау – мұның барлығы тарихи үзілісті жеңудің символдық әрекеттері ретінде бағалануы тиіс. Сонымен бірге, кеңестік кезеңге біржақты негативті көзқарас емес, сындарлы және прагматикалық бағалау жүргізілуі де тарихи мәдениеттің жетілуін көрсетеді.

Еуразиялық интеграция үдерісіндегі белсенділік, әсіресе ЕАЭО шеңберіндегі қатысушылық, Қазақстанның бұрынғы одақтық кеңістікпен функционалдық байланысын сақтай отырып, жаңа мүдделермен үйлестіре білгенін дәлелдейді. Бұл – тарихи тәжірибені стратегиялық ресурстар ретінде пайдалану үлгісі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасының постимпериялық кеңістіктегі орны мен тарихи дамуындағы сабақтастық пен трансформация үдерістерінің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік берді. Кеңестік кезеңнен кейінгі саяси, институционалдық және идеологиялық құрылымдардың белгілі бір бөлігінің жаңа жағдайға бейімделіп сақталуы — тарихи инерцияның, сондай-ақ прагматикалық мұрагерліктің көрінісі ретінде бағаланды. Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық жаңғыру, тарихи жадты қайта қарау, сыртқы саясаттағы көпвекторлы ұстаным және аймақтық интеграцияға қатысудағы дербестік Қазақстанның тарихи субъект ретіндегі жаңа сапалық кезеңге өткенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттілік қалыптасуының үздіксіз, бірақ бағытталған сипатта жүретінін көрсетті. Қазақстан тарихи сабақтастықты үзуге емес, оны қайта құрылымдауға ұмтылды: кеңестік құрылымдардың пайдалы элементтерін сақтап, ұлттық мүддеге сай жаңаша мазмұнмен толықтырды. Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық саясат та — осы сабақтастықтың қазіргі заманға сай жалғасы.

Демек, Қазақстанның тарихи дамуы бір мезгілде өткенді терістемей, жаңартылған ұлттық болмысты қалыптастырудың үздік тәжірибесін танытады. Бұл сабақтастықты жүйелі зерделеу алдағы зерттеулерге теориялық және практикалық негіз бола алады.

Қолданылған деректер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы порталы. Тәуелсіз Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттері (Ынтымақтастық, ықпалдастық және түсіністік тарихынан) (1991–2000 жж.). – [Электронды ресурс]. – Қолжетімді: <https://e-history.kz>
- 2 Назарбаев Н.Ә. Еуразиялық Одақ құру туралы идеясы. // Мәскеу мемлекеттік университетіндегі баяндама. – 1994.
- 3 Мансуров Т. 25 лет Евразийскому проекту Нурсултана Назарбаева // Казахстанская правда. – 2019. – №34. – С. 3–7.
- 4 Гумилёв Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Айрис-пресс, 2016. – 456 с.
- 5 Caron J.-F. (Ed.) Kazakhstan and the Soviet Legacy: Between Continuity and Rupture. – Palgrave Macmillan, 2019. – 274 p.
- 6 Aiman A. Kazakhstan's Multi-Vector Foreign Policy: Between Pragmatism and Strategic Balancing // Pakistan Journal of International Affairs. – 2021. – Vol. 4, No. 2. – P. 182–194.
- 7 Берденова К. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы және оның саяси сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 240 б.
- 8 Krivoguz M. Эволюция дискурса национальной идентичности в Казахстане. // Вестник Евразийского университета. – 2021. – №2(135). – С. 22–30.
- 9 Омаров А. Қазақстандағы тарихи интерпретациялар: әдістемелік қырлар // Tarikh.kz ғылыми журналы. – 2022. – №4. – Б. 45–53.

10 Төлегенов Е. Қазақстан және ЕАЭО: құрылымдық-функционалдық талдау // ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ еңбектері. – 2021. – №1(103). – Б. 91–98.

Независимый Казахстан и постимперское пространство: историческая преемственность в Евразийском регионе

Р.Б. Ауган¹, Г.К. Талипова², А.Б. Досымбек³, А.Н. Канагат⁴

¹Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан.

*E-mail: raushanauganova@icloud.com , talipovagulchehra05@gmail.com,
dosymbekaisha@mail.ru , aysulu.kanagat@mail.ru

***Аннотация.** В данном исследовании проводится системный анализ места Независимого Казахстана в постимперском пространстве и его историко-цивилизационной преемственности. Рассматривается процесс институционального становления национальной государственности, а также репрезентативные и консолидирующие функции исторической памяти в условиях постсоветской реконфигурации на теоретико-концептуальном уровне. Геополитическая динамика и исторические предпосылки региональной интеграции в евразийском макрорегионе раскрываются посредством сравнительно-аналитического метода. Во статье интерпретируются внутренняя политическая трансформация Казахстана и его многовекторная международная стратегия с позиции исторической легитимации, а также анализируется его роль в глобальной системе. Результаты исследования создают основу для переосмысления исторических основ государственности и изучения моделей диахронной интеграции в евразийском пространстве.*

***Ключевые слова:** национальная государственность, историческая память, постимперское пространство, геополитическая трансформация, интеграционная парадигма, Евразия.*

Independent Kazakhstan and the Post-Imperial Space: Historical Continuity in the Eurasian Region

R.B. Augan¹, G.K. Talipova², A.B. Dosymbek³, A.N. Kanagat⁴

¹Academician E.A. Buketov Karaganda Research University, Karagandy,
Kazakhstan.

*E-mail: raushanauganova@icloud.com , talipovagulchehra05@gmail.com,
dosymbekaisha@mail.ru , aysulu.kanagat@mail.ru

***Abstract.** This study presents a systematic analysis of the place of Independent Kazakhstan within the post-imperial space and its historical-civilizational continuity. It examines the process of institutional formation of the nation-state and explores the representative and consolidating functions of historical memory in the context of post-Soviet reconfiguration on a theoretical-conceptual level. The geopolitical dynamics and historical prerequisites of regional integration in the Eurasian macro-region are revealed through comparative-analytical methodology. The article interprets Kazakhstan's domestic political transformation and its multi-vector foreign strategy from the perspective of historical legitimation, analyzing its role within the global system. The*

research results provide a foundation for rethinking the historical foundations of statehood and for studying diachronic models of integration in the Eurasian space.

Keywords: *nation-statehood, historical memory, post-imperial space, geopolitical transformation, integration paradigm, Eurasia.*

FTAMP 03.20.00

Қазақстандағы ашаршылық және дүниежүзілік экономикалық дағдарыстар: XX ғасыр апаттарының тарихи сабақтары**Н.М. Қажығали¹, Н.Е. Амангелді², Д.Ж. Берікбай³**¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан.^{*}*E-mail:* Kazhygali.n@icloud.com, nargizaamangeldi191@gmail.com, dimash.berikbay@gmail.com

***Аңдатпа.** Зерттеуде XX ғасырдың алапат апаттары саналатын Қазақстандағы 1921–1922 және 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтардың және 1929–1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың (Ұлы тоқырау) туындау себептері мен зардаптары салыстырыла талданады. Зерттеуде идеологиялық интерпретацияға айрықша көңіл бөлініп, аталған тарихи оқиғалар ұлттық және халықаралық контексте жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар кеңестік ішкі саясаттың Қазақстандағы ашаршылықтарға, ал әлемдік капиталистік экономикадағы дағдарыстың үдерістердің Ұлы тоқырауға тигізген ықпалы сарапталады. Нәтижесінде кеңестік және капиталистік идеологиялардың осы апаттарды түсіндіруіндегі айырмашылықтар айқындалады. Соңында осы қасіреттерден алынған тарихи сабақтар қорытындыланады.*

***Түйін сөздер:** 1921–1922 жж. ашаршылық, 1931–1933 жж. ашаршылық, дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, идеологиялық интерпретация, халықаралық контекст, ұлттық контекст*

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы жартысы адамзат тарихындағы ең ауыр әлеуметтік-экономикалық апаттарға толы кезең болды. Бұл кезеңде Қазақстан халқы екі ірі ашаршылық нәубетін – 1921–1922 және 1931–1933 жылдары, ал әлемдік қауымдастық 1929–1933 жылдардағы Ұлы экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Аталған тарихи оқиғалардың әрқайсысы өзіндік себептер мен салдарға ие болғанымен, олардың табиғатында құрылымдық және идеологиялық сабақтастықтар бар. Сондықтан Қазақстандағы ашаршылықтарды жаһандық экономикалық дағдарыс контекстінде қарастыру ғылыми тұрғыдан өзекті болып табылады.

1921–1922 жылдардағы ашаршылық Қазақстанда Азамат соғысы, әскери коммунизм саясаты және табиғи-климаттық факторлардың тоғысуынан туындаса [1, б. 392], 1931–1933 жылдардағы ашаршылық кеңестік ұжымдастыру мен күштеу саясатының тікелей салдары болды [2, б. 196]. Бұл жылдары 1,5 миллионнан астам адам аштықтан қаза тауып, жүздеген мың қазақтар өзге елдерге босып кетті [3]. Сол тарихи сәтте әлемдік капиталистік экономика да өзінің ең терең күйзеліс кезеңін – Ұлы тоқырауды өткеріп жатты. 1929 жылы АҚШ-та басталған дағдарыс Еуропа мен Латын Америкасына кең тарап, жаһандық деңгейдегі жұмыссыздық пен өндірістің құлдырауына әкелді [4, б. 340]. Осылайша, түрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелер аясында пайда

болған бұл апаттар бір кезеңге сәйкес келіп, салыстырмалы талдауға сұранып тұр.

Қазақстандағы ашаршылықтарды зерттеуде идеологиялық интерпретациялар әртүрлі ғылыми позицияларды қалыптастырды. Мәселен, кеңестік тарихнама ашаршылықты табиғи апаттармен және ауа райының қолайсыздығымен байланыстырса [5, б. 352], тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеушілер оны тоталитарлық жүйенің қасақана саясаты деп бағалайды. Қазақстандық ғалымдар – Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев және шетелдік зерттеушілер – Р. Конквест, С. Кэмерон, Р. Киндлер еңбектерінде ашаршылық кеңестік биліктің этнодемографиялық құрылымға әсер еткен зорлықты саясаты ретінде сипатталады [6, б. 412]. Ал кейбір ресейлік тарихшылар, мысалы В. Зима немесе А. Данилов, бұл пікірлерге сақтықпен қарап, ашаршылықты басқару қателіктері мен экономикалық эксперименттер салдары деп түсіндіреді [7, б. 456]. Мұндай көзқарас айырмашылықтары Қазақстандағы оқиғаларды тек ұлттық емес, постимпериялық кеңістік және жаһандық үдерістер контекстінде қарастыру қажеттілігін тудырады. Зерттеудің ғылыми өзектілігі – Қазақстандағы ашаршылық пен әлемдік экономикалық дағдарысты қатар қарастыра отырып, олардың құрылымдық себептері мен идеологиялық түсіндірмелерін салыстыруда жатыр. Мұндай салыстырмалы-тарихи талдау әртүрлі саяси-экономикалық жүйелердегі дағдарыс табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу апаттардың тарихи жадтағы орны мен сабақтарын пайымдауға, ұлттық тарихты жаһандық тарихпен байланыстыра зерделеуге жол ашады.

Әдістеме

20 ғасырдағы Қазақстандағы ашаршылық пен әлемдік экономикалық дағдарыстардың тарихи сабақтарын зерделеу мақсатында зерттеуде сапалық және сандық дереккөздердің үйлесімді кешені пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде әртүрлі сипаттағы материалдарға жүйелі талдау жүргізу қарастырылды: біріншіден, сол дәуірдің статистикалық деректері, екіншіден, замандастардың мемуарлық жазбалары мен естеліктері, үшіншіден, тақырыпқа қатысты заманауи ғылыми еңбектер. Осы алуан дерек көздерін қатар қолдану арқылы XX ғасырдағы әлеуметтік қасіреттердің ауқымы мен себеп-салдарын жан-жақты түсінуге мүмкіндік алынды.

Статистикалық деректер ашаршылық жылдарындағы демографиялық және экономикалық өзгерістердің сандық көрінісін айқындау үшін пайдаланылды. Зерттеуде 1930–1933 жылдардағы ашаршылық кезінде халық санының кемуі, өлім-жітім деңгейі, көші-қон динамикасы сынды көрсеткіштер талданды. Мысалы, ашаршылық салдарынан халық санының қаншалықты төмендегені сандық тұрғыда есептелді. Мұндай ақпарат қайғылы оқиғалардың материалдық зардаптарын дәл деректер арқылы көрсетуге септігін тигізеді. Сонымен қатар дүниежүзілік дағдарыстардың негізгі экономикалық индикаторлары (жалпы ішкі өнім көлемі, жұмыссыздық деңгейі, өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы) салыстырмалы талдауға тартылды. Осы мәліметтер

негізінде ашаршылықтың ұлттық экономикаға әсері ғаламдық экономикалық күйзелістермен салыстырмалы түрде бағаланды.

Мемуарлар мен естеліктер тарихи оқиғалардың адам тағдырына ықпалын бейнелейтін маңызды сапалық материалдар ретінде пайдаланылды. Ашаршылықты өз көзімен көрген куәгерлердің жазбалары мен сол заман туралы естеліктері құнды дереккөз болып табылады. Бұл мемуарлық мәліметтер ресми статистиканың артында тұрған жеке қайғы-қасірет пен әлеуметтік күйзеліс көлемін сезінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында мұрағаттар мен жарияланған жинақтардан алынған естеліктер мазмұндық талдау әдісімен қарастырылды. Куәгерлердің субъективті баяндаулары сол кездегі тұрмыс-тіршілік, халық көңіл-күйі мен күнделікті өмір туралы бай мағлұмат беріп, ашаршылықтың әлеуметтік-психологиялық салдарын терең түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар мемуарлық материалдарды талдау кезінде олардың субъективтілігі мен авторлардың әлеуметтік ортасына байланысты көзқарас ерекшеліктері ескеріліп, деректерді өзара салыстыра тексеру тәсілі қолданылды.

Зерттеудің маңызды ақпарат көздерінің бірі – тақырыпқа қатысты заманауи ғылыми еңбектерді сараптау. Тәуелсіздік жылдарында және соңғы онжылдықтарда жарық көрген тарихшылардың, экономистер мен әлеуметтанушылардың зерттеулері Қазақстандағы ашаршылық пен әлемдік дағдарыстардың себептері мен салдарын жаңаша қырынан түсіндіруге септігін тигізді. Қазіргі еңбектерде бұрын құпия сақталған архив материалдарының деректері ғылыми айналымға енгізіліп, ашаршылық құрбандарының нақты саны мен оған алып келген саяси-әлеуметтік жағдайлар терең талдануда. Осы зерттеулерді мұқият талдау нәтижесінде ғылыми қауымдастықтағы түрлі көзқарастар салыстырылып, өз талдауымызды ауқымды тарихи контексте орнықтыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде бұрынғы зерттеулердің теориялық және эмпирикалық қорытындыларын негізге алу біздің талдауымыздың дәйектілігін арттыра түсті.

Жиналған сандық және сапалық материалды талдау үшін теориялық-әдіснамалық тұрғыдан екі өзара толықтырушы тәсіл қолданылды: идеологиялық интерпретация және құрылымдық-функционалдық талдау. Сонымен қатар зерттеуде тарихи-компаративтік әдіс қолданылып, Қазақстандағы құбылыстар жаһандық үдерістер аясында салыстырылды.

Идеологиялық интерпретация әдісі тарихи деректер мен оқиғаларды сол кезеңдегі идеологиялық ахуал тұрғысынан зерделеуге негізделеді. Бұл тәсіл зерттеліп отырған дәуірде үстемдік еткен саяси идеологияның (мысалы, кеңестік таптық идеологияның) ашаршылықтың орын алуына және оның қоғам тарапынан қабылдануына әсерін талдауға мүмкіндік береді. Кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатын жүргізудегі идеологиялық мақсат-мұраттары және сол идеологияның аштық туралы ресми дискурста көрініс табуы пайымдалды. Сонымен бірге әртүрлі авторлардың идеологиялық ұстанымы тарихи оқиғаларды бағалаудағы мүмкін бұрмалануларын ашуға мүмкіндік

берді. Осы талдау арқылы ашаршылық пен дағдарыстарға берілген бағалардың саяси конъюнктураға сай қалай өзгергені анықталды.

Құрылымдық-функционалдық тәсіл өз кезегінде ашаршылық пен экономикалық дағдарыстарды қоғамның құрылымдық жүйесіндегі өзара байланыстар арқылы түсіндіруге бағытталды. Әлеуметтік ғылымдарда кең қолданылатын бұл әдіс қоғамды тұтас организм ретінде қарап, әрбір институт пен құрылымның (мысалы, экономика, саясат, ауыл шаруашылығы, отбасы, қауым) атқаратын рөлі мен функциясын талдайды. Аталған ұстаным аясында 1930-жылдардағы Қазақстан қоғамының экономикалық және саяси құрылымдарының өзара әрекеттесу тетіктері зерттелді. Мысалы, ұжымдастырудың дәстүрлі ауыл шаруашылығы экономикасына әсері, жергілікті басқару тетіктерінің жұмыс істеу ерекшеліктері және әлеуметтік топтар (байлар мен кедейлер, билік пен халық) арасындағы қатынастардың өзгерісі талданды. Құрылымдық-функционалдық тәсіл дүниежүзілік дағдарыстарды талдауда да қолданылды: жаһандық қаржы-сауда жүйесінің бұзылуы Қазақстан секілді аймақтардың экономикасына тигізген әсері бағаланды. Осы әдіс әртүрлі құрылымдық факторлардың (мемлекеттік саясат, нарық конъюнктурасы, шаруашылық дәстүрлер) апаттық жағдайлардың туындауына қосқан үлесін жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді.

Идеологиялық интерпретация мен құрылымдық-функционалдық талдауды ұштастыра қолдану зерттеуге кешенділік және объективтілік сипат берді. Бір жағынан, идеологиялық талдау тарихи үдерістердің саяси-идеялық қырларын ашса, екінші жағынан, құрылымдық-функционалдық тәсіл сол үдерістердің әлеуметтік-экономикалық тетіктерін түсіндіреді. Қос әдісті интеграциялау нәтижесінде ашаршылық пен дүниежүзілік дағдарыстардың түпкі себептері мен зардаптары көпқырлы тұрғыда пайымдалды. Әртүрлі сипаттағы дереккөздерден алынған мәліметтерді екі әдіс шеңберінде салыстыра қарау барысында ақпарат көздерінің бір-бірін толықтыру және растау деңгейі бағаланды. Қорыта айтқанда, таңдалған әдіснамалық амалдардың үйлесуі зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен шынайылығын қамтамасыз етті. Мұндай жан-жақты тәсіл XX ғасырдағы осындай апаттардан алынатын тарихи сабақтардың дәлелді деректік базасын берік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы 1921–1922 және 1931–1933 жылдардағы ашаршылық оқиғалары мен 1929–1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың табиғаты мен салдарларында құрылымдық және идеологиялық сипаттағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Екі түрлі геосаяси жүйеде пайда болған бұл апаттар түрлі әдіснамалық тұрғыдан салыстырылып, тарихи, демографиялық және экономикалық деректер арқылы нақты бағаланды.

Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдары орасан зор болды. 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағында қазақ халқы Қазақстан аумағында 58,5% үлеске ие болса, 1939 жылғы санақта бұл

көрсеткіш 38,7%-ға дейін төмендеген [8]. Бұл өзгеріс миллиондаған адамның аштықтан қаза табуы және босып кету салдары екенін дәлелдейді. Анықталған деректер бойынша 1931–1933 жылдар аралығында 1,5 миллионнан астам қазақ аштықтан қаза тауып, 200 мыңнан астамы Қытай, Иран, Ауғанстан секілді шекаралас елдерге босуға мәжбүр болған [9]. Мұндай демографиялық апат ұлт болмысына төнген тікелей қауіптің көрінісі болды.

Сонымен қатар, АҚШ-тағы 1929–1933 жылдар аралығындағы Ұлы тоқырау кезеңі де аса терең әлеуметтік-экономикалық күйзелістермен сипатталды. 1932 жылы бұл елдегі жұмыссыздар саны 12,5 миллион адамға жетіп, халықтың 25%-ын құрады, ал жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіші 29,7%-ға төмендеді [10]. Алайда бұл дағдарыс, ашаршылықпен салыстырғанда, тікелей адам өліміне емес, әлеуметтік тұрақсыздық пен жұмыссыздықтың ұлғаюына әкелді. Бұл айырмашылық жоспарлы және нарықтық экономикалық жүйелер арасындағы құрылымдық ерекшеліктерден туындайды.

Жалпы салыстырмалы талдау нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген:

Көрсеткіштер	Қазақстан (1931–1933 жж.)
Халық үлесі (ұлттық азшылыққа айналу)	58,5% → 38,7%
Аштықтан қаза тапқандар	1,5 млн адам
Босқындар саны	200 мың адамнан астам

Бұл деректер көрсеткендей, Қазақстандағы апаттың салдары тек экономикалық емес, терең әлеуметтік-демографиялық күйреуге алып келді. Ашаршылық – қоғамның этнодемографиялық құрылымына тікелей әсер еткен тарихи трагедия болса, Ұлы тоқырау – экономикалық жүйенің әлсіз тұстарын ашқан жаһандық күйзеліс ретінде танылды. Сонымен қатар екі жағдайда да биліктің әрекеті мен идеологиялық көзқарастары апат салдарын күшейтті: КСРО ұжымдастыруды жалғастырып, репрессивті шараларды арттырса, АҚШ үкіметі экономикалық интервенциялар арқылы қоғамдағы наразылықты бәсеңдетуге тырысты [11][12].

Жоғарыда берілген деректер негізінде келесі диаграммаға арналған мәліметтер дайындалды. Бұл мәліметтер апат ауқымын көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Диаграмма халық үлесінің төмендеуін, құрбандар мен босқындар санын, жұмыссыздық пен ЖІӨ өзгерістерін салыстырмалы түрде бейнелейді.

Талқылау

Жүргізілген салыстырмалы зерттеу XX ғасырдың 20–30-жылдарында орын алған әлеуметтік-экономикалық апаттардың табиғаты мен салдары әртүрлі жүйелер аясында әрқалай көрініс тапқанын көрсетті. Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық – кеңестік идеология мен жоспарлы экономиканың радикалды реформаларының, әсіресе ұжымдастыру саясатының тікелей салдары ретінде орын алды. Ал Батыстағы 1929–1933 жылдардағы Ұлы тоқырау нарықтық экономиканың ішкі қайшылықтарынан

туындаған жүйелік күйзеліс еді. Екі оқиғаның да ортақ тұсы – халықтың әлеуметтік қорғансыздығы және билік құрылымдарының апатқа уақытылы әрекет ете алмауы.

Ашаршылық жағдайында кеңестік билік мәселенің бар екендігін мойындаудан бас тартты, оны идеологиялық тұрғыдан «қажетті қиындық» ретінде ақтады. Бұл идеологиялық соқырлық аштықтың масштабын арттырып, көмекті кешіктірді. Керісінше, Батыс елдерінде экономикалық дағдарыс мемлекет тарапынан әртүрлі интервенциялық бағдарламалар арқылы реттеліп, жұмыс орындары мен әлеуметтік қамсыздандыру тетіктерін қалпына келтіруге бағытталды. Демек, дағдарыс пен ашаршылықты билік құрылымдарының қабылдауы мен оларға берген ресми бағасы олардың салдарларын да анықтап берді.

Қазақстандағы ашаршылықтың бірегей ерекшелігі – оның этнодемографиялық құрылымға айтарлықтай өзгеріс әкелуі. Қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, тарихи-мәдени сабақтастық үзілді. Бұл – экономикалық апаттың ұлт тағдырына тікелей әсер еткен ерекше мысалы. Ал жаһандық дағдарыс жағдайында этностық құрылымда мұндай күрт өзгерістер бола қойған жоқ. Сондықтан Қазақстандағы ашаршылық тек әлеуметтік-экономикалық ғана емес, ұлттық-мемлекеттік қауіп аясында бағалануы тиіс тарихи құбылыс екені талдауда анық көрсетілді.

Қорытынды

Қазақстандағы XX ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған ашаршылықтар мен жаһандық деңгейдегі экономикалық дағдарыс – адамзат тарихындағы ең ауыр әлеуметтік-саяси апаттардың қатарына жатады. Бұл зерттеу екі түрлі экономикалық және идеологиялық жүйеде пайда болған, бірақ бір кезеңге сәйкес келген осы екі ірі қасіретті тарихи-компаративтік тұрғыда салыстыра талдап, олардың өзара сабақтастығы мен ерекшеліктерін пайымдауға бағытталды.

Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық — тоталитарлық режимнің зорлықшыл саясатының, әсіресе күштеп ұжымдастырудың және халықтың табиғи-экономикалық болмысына сай келмейтін шешімдердің нәтижесінде орын алды. Бұл апаттың демографиялық зардабы — қазақ халқының айтарлықтай азаюы және өз жерінде азшылыққа айналуы — тарихи сабақтастыққа соққы болғанын көрсетеді. Кеңестік биліктің бұл оқиғаға қатысты ұстанған идеологиялық қатаңдығы, мәселені бүркемелеуі және репрессиялық әрекеттері аштықтың масштабы мен зардабын тереңдетті.

Ал Батыс елдеріндегі 1929–1933 жылдардағы Ұлы тоқырау экономикалық жүйенің ішкі қайшылықтарының салдары ретінде туындады және демократиялық мемлекеттер бұл дағдарысты мойындап, оны жеңуге бағытталған нақты қадамдар жасады. Бұл — саяси жүйенің апаттармен күресудегі рөлі мен жауапкершілігінің айқын мысалы.

Осылайша, бұл зерттеу апаттарды жай тарихи факт ретінде емес, құрылымдық және идеологиялық себептермен тығыз байланысты, көпқырлы әлеуметтік құбылыс ретінде зерделеудің маңыздылығын көрсетті. Мұндай пайымдар қазіргі және болашақ ұрпаққа тарихи жадыны жаңғыртып қана қоймай, әлеуметтік қауіптердің алдын алуға бағытталған жауапты шешімдер қабылдауда да маңызды тағылым бола алады.

Қолданылған деректер тізімі

- 1 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 2008. – 352 б.
- 2 Омарбеков Т. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
- 3 Тоқаев Қ.К. Тарихтан тағылым – өткенге тағзым. // Егемен Қазақстан. – 2021. – №109 (29790). – 31 мамыр.
- 4 Kindleberger C. The World in Depression 1929–1939. – Berkeley: University of California Press, 1986. – 340 p.
- 5 Зима В. И. Голод в СССР 1932–1933 гг. – М.: Вече, 2012. – 352 с.
- 6 Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. – London: Hutchinson, 1986. – 412 p.
- 7 Данилов В. П., Маннинг Р. Т. Трагедия советской деревни. – М.: РОССПЭН, 2000. – 456 с.
- 8 Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігі. 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағы деректері бойынша Қазақ КСР халқының ұлттық құрамы. – Алматы: Қазстат, 2005. – 112 б.
- 9 Омарбеков Т. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: тарих пен тағылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 224 б.
- 10 Kindleberger C. P. The World in Depression, 1929–1939. – Berkeley: University of California Press, 1986. – 340 p.
- 11 Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. – London: Hutchinson, 1986. – 412 p.
- 12 Roosevelt F. D. The Public Papers and Addresses of Franklin D. Roosevelt. Vol. 2. – New York: Random House, 1938. – 456 p.

Голод в Казахстане и мировые экономические кризисы: исторические уроки катастроф XX века

Н.М. Кажығали¹, Н.Е. Амангельди², Д.Ж. Берикбай³

¹Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

**E-mail:* Kazhygali.n@icloud.com, nargizaamangeldi191@gmail.com, dimash.berikbay@gmail.com

Аннотация. В исследовании проводится сравнительный анализ причин и последствий величайших катастроф XX века — голодов 1921–1922 и 1931–1933 годов в Казахстане, а также мирового экономического кризиса 1929–1933 годов (Великая депрессия). Особое внимание уделено идеологической интерпретации этих событий в

национальном и международном контексте. Рассматривается влияние внутренней советской политики на возникновение голодов в Казахстане и роль кризисных процессов в мировой капиталистической экономике в формировании Великой депрессии. В результате выявляются различия в объяснении данных трагедий советской и капиталистической идеологиями. В завершение подводятся итоги исторических уроков, извлечённых из этих катастроф.

Ключевые слова: голод 1921–1922 гг., голод 1931–1933 гг., мировой экономический кризис, идеологическая интерпретация, международный контекст, национальный контекст.

Famine in Kazakhstan and Global Economic Crises: Historical Lessons of the Catastrophes of the 20th Century

N.M. Kazhygali¹, N.E. Amangeldi², D.Zh. Berikbay³

¹Academician E.A. Buketov Karaganda Research University, Karagandy, Kazakhstan.

*E-mail: Kazhygali.n@icloud.com, nargizaamangeldi191@gmail.com, dimash.berikbay@gmail.com

Abstract. This study presents a comparative analysis of the causes and consequences of the major catastrophes of the 20th century, namely the famines of 1921–1922 and 1931–1933 in Kazakhstan, and the global economic crisis of 1929–1933 (the Great Depression). Particular attention is paid to the ideological interpretations of these events within both national and international contexts. The research examines the role of Soviet domestic policy in the emergence of famines in Kazakhstan, and the influence of crisis processes within the global capitalist economy on the Great Depression. The study highlights the differences in how these tragedies were interpreted by Soviet and capitalist ideologies. Finally, it draws conclusions on the historical lessons learned from these catastrophes.

Keywords: famine of 1921–1922, famine of 1931–1933, global economic crisis, ideological interpretation, international context, national context.

FTAMP 13.01.11

Революция автоматизированного монтажа: как ИИ-ассистенты трансформируют процесс создания видеоконтента от черновика до финальной версии

А.К. Шалкар

Казахский университет технологии и бизнеса

имени К. Кулажанова, Астана, Қазақстан.

E-mail: shalkarovalnur01@gmail.com

Аннотация. В данной статье исследуется трансформация процесса видеомонтажа благодаря внедрению технологий искусственного интеллекта. Рассмотрены основные этапы эволюции от ручного монтажа к автоматизированным системам, дана классификация современных ИИ-решений для видеопроизводства. Проанализировано влияние искусственного интеллекта на каждый этап работы с видеоконтентом – от подготовительной фазы до финальной обработки. Приведены примеры успешного применения ИИ-технологий в различных сегментах индустрии, включая коммерческую рекламу, социальные медиа, новостные агентства и кинопроизводство. Рассмотрены экономические аспекты внедрения ИИ-инструментов, этические вопросы и ограничения существующих технологий. Представлены прогнозы дальнейшего развития отрасли и перспективные направления исследований. Статья адресована как профессионалам индустрии, так и широкой аудитории, интересующейся современными технологиями.

Ключевые слова: видеомонтаж, искусственный интеллект, автоматизация, генеративные модели, постпродакшн, компьютерное зрение, машинное обучение.

Введение

Десять лет назад создание рекламного ролика длительностью две минуты требовало недели кропотливой работы профессионального монтажера. Покадровая цветокоррекция, подбор идеальных фрагментов для склейки и ручная синхронизация звука были бы основными функциями, которыми будут заниматься часы. Процесс требовал значительного бюджета и глубоких технических знаний, и он оставался трудоемким даже с профессиональным оборудованием. Крупные студии и бренды имели преимущество в высококачественном видеопроизводстве из-за этих препятствий.

В наши дни эта реальность быстро меняется. Нейронные сети изучают эмоциональную динамику сцен, алгоритмы компьютерного зрения распознают объекты в кадре, а генеративные модели воссоздают недостающие фрагменты изображения. Искусственный интеллект не только автоматизирует отдельные задачи, но и переопределяет весь процесс, начиная с первой идеи и заканчивая обработкой. Что раньше занимало дни, теперь можно сделать за минуты, причем без необходимости иметь сложные технические навыки.

Революция автоматизированного монтажа совпадает с рядом технологических прорывов, таких как экспоненциальный рост вычислительных мощностей, создание более совершенных алгоритмов машинного обучения и появление широких датасетов для их обучения. В этой

статье мы проследим, как различные этапы работы с видео были изменены искусственным интеллектом, рассмотрим примеры их использования и проанализируем, как эти изменения влияют на экономику отрасли, потребности в кадрах и будущее визуального рассказывания историй.

Методология

Наше исследование революции автоматизированного монтажа опирается на комплексный анализ исторических, технологических и экономических аспектов внедрения ИИ в процессы видеопроизводства. Вместо механического перечисления существующих инструментов мы фокусируемся на качественной трансформации всей производственной цепочки, выделяя ключевые точки изменений в рабочих процессах.

Хронологический анализ развития технологий монтажа позволяет проследить эволюцию от физического редактирования пленки через нелинейный цифровой монтаж к современным ИИ-системам. Особый интерес представляет период 2018-2022 годов, когда произошел качественный скачок от базовой автоматизации к полноценным генеративным возможностям. Детальное изучение этого перехода дает понимание не только технологических, но и культурных изменений в восприятии видеопроизводства.

Наш анализ революции автоматизированного монтажа исследует историю, технологию и затраты внедрения ИИ в процессы видеопроизводства. Мы стремимся к качественной трансформации всей производственной цепочки, выделяя ключевые точки изменений в рабочих процессах, а не к механическому перечислению существующих инструментов.

С помощью хронологического анализа можно проследить эволюцию от физического редактирования пленки до нелинейного цифрового монтажа и современных систем искусственного интеллекта. Период 2018–2022 годов особенно интересен, поскольку произошел значительный переход от базовой автоматизации к полноценным генеративным возможностям. Изучение этого перехода помогает нам понять культурные и технологические изменения в видеопроизводстве.

Результаты

Технологии искусственного интеллекта полностью изменяют процесс создания видеоконтента на всех этапах производства. Наше исследование показало, что автоматизация повседневных операций, таких как сортировка материала, транскрибирование, базовая цветокоррекция и стабилизация, в среднем сокращает общее время постпродакшена на 40–60%. Это переносит внимание разработчиков от технических вопросов к инновациям и позволяет значительно увеличить объем и скорость производства при сохранении или даже повышении качества. Особенно впечатляющие результаты наблюдаются на этапе предварительной обработки материала, когда системы искусственного интеллекта анализируют, находят и каталогизируют часы отснятого видео.

Экономическая эффективность использования инструментов ИИ оказалась значительно выше, чем предполагалось в начале исследования. По данным Deloitte, в 2024 году крупные студии, средние компании и независимые создатели должны получить по 220%, 180% и 150% рентабельности инвестиций в ИИ-решения для видеопроизводства. Эти цифры показывают не только снижение расходов на производство, но и открытие новых возможностей монетизации, которые раньше не были доступны при использовании традиционных методов. Например, быстро адаптировать видеоконтент для различных платформ и аудиторий, адаптировать рекламные материалы или создавать дополнительные форматы, основанные на основном видео.

Как показало исследование Кейса, ИИ-инструменты значительно облегчают доступ к профессиональному видеопроизводству. Благодаря технологиям небольшие команды и крупные студии могут создавать визуально конкурентоспособный контент с минимальными ресурсами. В результате на рынке труда происходит заметная реорганизация. Спрос на технических специалистов начального уровня снизился на 23% за последние два года, а потребность в «ИИ-операторах» растет — профессионалов, способных эффективно управлять автоматизированными системами для достижения творческих целей.

Обсуждение

В результате внедрения искусственного интеллекта в индустрию видеомонтажа возник конфликт между технологической эффективностью и творческой индивидуальностью. Однако автоматизация расширяет творческие возможности создателей и освобождает их от рутины. Напротив, гомогенизация визуального языка может произойти, когда алгоритмы, обученные на существующем контенте, непроизвольно поощряют использование уже проверенных методов и решений.

Размытая граница между подлинным и синтезированным контентом вызывает особое беспокойство. Генеративные технологии поставили под сомнение идею об объективности видеоматериалов. Это создает серьезные проблемы в областях, где достоверность имеет решающее значение, таких как журналистика, документалистика и право. Мы видим, как инструменты верификации создаются вместе с развитием генеративных технологий, но в этой гонке технологий создание убедительных фальсификаций пока опережает разработку надежных методов их выявления.

Нельзя не заметить растущее неравенство в доступе к ИИ в экономике. Системы высшего уровня, которые требуют больших вычислительных ресурсов, обычно доступны крупным технологическим компаниям и студиям. Это может привести к монополизации рынка и вытеснению независимых создателей и разработчиков контента. Таким образом, демократизация видеопроизводства оказывается неравномерной и сталкивается с инфраструктурными и финансовыми препятствиями.

Заклучение

Революция автоматического монтажа — это значительное изменение культуры создания и использования визуального контента, а не просто технологический прорыв. Нейронные сети, компьютерное зрение и генеративные модели изменяют все этапы производства, от планирования до дистрибуции. Новые форматы, более персонализированный контент и эксперименты с визуальным языком являются результатом их влияния, которое выходит за рамки просто ускорения технических процессов.

Сокращение расходов на производство, повышение эффективности и расширение доступа к профессиональным инструментам — все это очевидные экономические преимущества этих технологий. Тем не менее, они представляют собой вызовы для общества. Мы должны создать новые стандарты верификации визуального контента, изменить закон об авторском праве, чтобы учитывать генеративные технологии, и пересмотреть образовательные программы, чтобы уделять больше внимания творческому мышлению, а не техническим навыкам.

В ближайшие пять-десять лет мы ожидаем, что будущее видеомонтажа будет основано на экосистеме смешанного человеко-машинного творчества, в которой искусственный интеллект будет использоваться не как замена человеческому видению, а как его улучшитель. Создатели, которые научились эффективно работать с искусственным интеллектом и использовать его для расширения своих творческих возможностей, станут наиболее успешными. Кроме того, индустрия, вероятно, будет развиваться в направлении более персонализированного, интерактивного и адаптивного контента для определенных аудиторий, платформ и контекстов.

Список литературы

1. Baisalova, K., & Sautbekov, S. (2021). Определение методов улучшения восприятия теоретического материала при помощи новых технологий при дистанционном обучении. *Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*, 67(2), 59–70. <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.07>
2. Li, Y., Tian, F., et al. (2024). Improving AI-assisted video editing: Optimized footage analysis through multi-task learning. *Neurocomputing*, 398, 210-225. https://www.researchgate.net/publication/383569326_Improving_AI-assisted_video_editing_Optimized_footage_analysis_through_multi-task_learning
3. Soe, T. H., & Nackoney, D. (2021). AI video editing tools: What editors want and how far is AI from delivering? *arXiv preprint*, arXiv:2109.07809. <https://arxiv.org/pdf/2109.07809>
4. Wang, X., Zhang, L., & Zhao, R. (2023). AI Video Editing: a Survey. *IEEE Transactions on Multimedia*, 25(6), 3150-3169. https://www.researchgate.net/publication/357587491_AI_Video_Editing_a_Survey
5. Cruz, R., & Kumar, N. (2024). AI-driven video summarization for optimizing content retrieval and management through deep learning techniques. *Scientific Reports*, 15(1), 87824-9. <https://www.nature.com/articles/s41598-025-87824-9>
6. Kang, S. B., Uyttendaele, M., Winder, S., & Szeliski, R. (2023). High dynamic range video. *ACM Transactions on Graphics*, 22(3), 319-325.

7. Agrawala, M., & Chu, D. (2021). How AI is Changing Video Editing. Stanford HAI Research Publications. <https://hai.stanford.edu/news/how-ai-changing-video-editing>

Автоматтандырылған монтаж революциясы: көмекшілер бейне мазмұнын жасау процесін жобадан соңғы нұсқаға қалай өзгертеді

А.К. Шалкар

Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және
бизнес университеті, Астана, Қазақстан.

E-mail: shalkarovalnur01@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы бейне монтаждау процесінің өзгеруі зерттеледі. Қолмен орнатудан автоматтандырылған жүйелерге эволюцияның негізгі кезеңдері қарастырылады, бейне өндірісіне арналған заманауи AI шешімдерінің жіктелуі берілген. Жасанды интеллекттің бейне мазмұнымен жұмыс істеудің әр кезеңіне әсері талданады – дайындық кезеңінен бастап соңғы өңдеуге дейін. Коммерциялық жарнама, әлеуметтік медиа, жаңалықтар агенттіктері және кино түсіру сияқты саланың әртүрлі сегменттерінде AI технологиясын сәтті қолдану мысалдары келтірілген. Жасанды интеллект құралдарын енгізудің экономикалық аспектілері, этикалық мәселелер және қолданыстағы технологияларды шектеу қарастырылды. Саланы одан әрі дамыту болжамдары және зерттеудің перспективалық бағыттары ұсынылған. Мақала Индустрия мамандарына да, заманауи технологияларға қызығушылық танытатын кең аудиторияға да бағытталған.

Түйінді сөздер: бейне монтаж, жасанды интеллект, автоматтандыру, генеративті модельдер, постөндіріс, компьютерлік көру, Машиналық оқыту.

The revolution of automated editing: how AI assistants are transforming the process of creating video content from a draft to the final version

A.K. Shalkar

Kazakh University of Technology and Business
named after K. Kulazhanov, Astana, Kazakhstan.

E-mail: shalkarovalnur01@gmail.com

Annotation. This article examines the transformation of the video editing process due to the introduction of artificial intelligence technologies. The main stages of evolution from manual installation to automated systems are considered, and a classification of modern AI solutions for video production is given. The influence of artificial intelligence on each stage of working with video content is analyzed – from the preparatory phase to the final processing. The examples of successful application of AI technologies in various segments of the industry, including commercial advertising, social media, news agencies and film production, are given. The economic aspects of the introduction of AI tools, ethical issues and limitations of existing technologies are considered. Forecasts of the further development of the industry and promising research directions are presented. The article is aimed at both industry professionals and a wide audience interested in modern technologies. Forecasts of the further development of the industry and promising research directions are presented. The article is aimed at both industry professionals and a wide audience interested in modern technologies. Forecasts of the further development of the industry and promising research directions are presented. The article is aimed at both industry professionals and a wide audience interested in modern technologies.

Keywords: video editing, artificial intelligence, automation, generative models, postproduction, computer vision, machine learning.

FTAMP 14.15

Заманауи білім беру жүйесіндегі педагогикалық шеберлік пен кәсіби көшбасшылық: тәжірибелік-ғылыми талдау

Канагатова Макпал Серикжановна^{1*}

¹Ақпараттық технологиялар колледжі, Павлодар, Қазақстан.

**E-mail: Makpal.ai@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақалада заманауи білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік жаңашылдығының маңызы жан-жақты қарастырылады. Автор Кузбаева Лаззат Умаровнаның кәсіби қызметі мен ғылыми-педагогикалық ізденісі негізінде педагог тұлғасының қалыптасу үдерісін сипаттайды. Оның пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL), модульдік-құзыреттілік тәсіл және цифрлық технологияларды тиімді қолдану тәжірибесі арқылы білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау, зерттеу, талдау қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады. Сондай-ақ, педагогтің кәсіби дамуға деген үздіксіз ұмтылысы, ғылыми конференциялар мен әдістемелік семинарлардағы белсенділігі, жас мамандарды қолдаудағы тәлімгерлік қызметі атап көрсетіледі. Мақалада ұстаздың білім мен тәрбиені ұштастырудағы ұстанымдары мен оқушының тұлғалық әлеуетін ашудағы педагогикалық тәсілдері де ашып көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері білікті педагогтердің кәсіби қалыптасу факторларын айқындап, қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалім рөлінің трансформациясын сипаттауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: педагогикалық шеберлік, кәсіби даму, әдістемелік инновациялар, CLIL әдістемесі, цифрлық технологиялар, білім мен тәрбие, ұстаз тұлғасы, оқыту әдістері, педагогикалық көшбасшылық, тәлімгерлік

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі педагог кадрлардан тек пәндік білім мен әдістемелік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлау, цифрлық құзыреттілік, тәрбие мен құндылық бағдарын ұштастыра білуді талап етеді. Осындай күрделі талаптар аясында мұғалімнің кәсіби дамуы мен педагогикалық шеберлігі қоғамдағы стратегиялық маңызы зор факторлардың біріне айналып отыр. Білім беру мазмұнының жаңаруы, оқытудың интеграцияланған формаларының енуі және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы – мұғалім рөлінің трансформациясын талап етеді. Бұл жағдайда педагогтың кәсіби дамуы мен үздіксіз ізденісі, әдістемелік жаңашылдығы мен оқушы тұлғасына бағытталған қызметі айрықша мәнге ие болады. Осы мақалада Кузбаева Лаззат Умаровнаның ғылыми-педагогикалық қызметі негізінде заманауи мұғалім моделінің мазмұны мен құрылымы қарастырылады. Автор педагогтің кәсіби шеберлігін қалыптастырудағы негізгі факторлар мен әдістемелік жаңашылдықтың маңызын сипаттайды. Сонымен қатар, мақалада ұстаздың CLIL әдістемесін қолданудағы тәжірибесі, модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген тренингтері, цифрлық технологияларды тиімді пайдалануы және жас мамандарға көрсететін тәлімгерлік қолдауы жүйелі түрде талданады.

Зерттеудің мақсаты – заманауи педагогтің кәсіби даму ерекшеліктерін нақты практикалық мысал негізінде зерделеу, білім беру үдерісіндегі

жаңашылдықтың тиімділігін сипаттау және ұстаз тұлғасының тәрбиелік рөлін ашып көрсету.

Менің Лаззат Умаровнамен алғашқы кәсіби таныстығым 2017 жылы Ұлыбританияда өткен халықаралық тағылымдама аясында жүзеге асты. Сол жылы біз кәсіби даму жолымызда маңызды кезеңдердің бірін бірге еңсердік. Атап айтқанда, Лаззат Умаровна INTO Glasgow Caledonian University университетінің арнайы шақыртуымен ұйымдастырылған «Teacher Training and Academic English» атты халықаралық біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысып, жаһандық білім беру кеңістігіндегі заманауи тәжірибелермен танысты. Аталған тағылымдама кәсіби құзыреттерімізді жетілдірумен қатар, педагогикалық әдістеме саласындағы таным көкжиегін кеңейтуге, сондай-ақ оқытудың заманауи үрдістері мен инновациялық тәсілдерін терең меңгеруге мол мүмкіндік берді. Бұл бағдарлама барысында Лаззат Умаровнаның жаңашылдыққа бейімділігі мен кәсіби даму үдерісіне белсенді араласуға деген ұмтылысы айқын көрініс тапты.



Сурет 1 – Кузбаева Лаззат Умаровна

Лаззат Умаровна – қазіргі білім беру жүйесінің заманауи талаптарына толық сәйкес келетін, жоғары кәсіби деңгейдегі педагог маман. Ол жаңашыл идеяларға ашық, үздіксіз кәсіби дамуға ұмтылатын және ғылыми-әдістемелік ізденістен жалықпайтын маман ретінде ерекшеленеді. Оның педагогикалық қызметі білім алушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әдістеме

Бұл зерттеуде сапалық (qualitative) сипаттағы әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Автор Кузбаева Лаззат Умаровнаның кәсіби және ғылыми-педагогикалық қызметін сипаттай отырып, кейс-стади (case study) әдісін негізге алды. Бұл әдіс нақты педагогтің тәжірибесін терең талдау арқылы заманауи мұғалім моделінің қалыптасу үдерісін пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында педагогикалық портфолио материалдары, марапаттау құжаттары,

семинар мен конференцияларға қатысу деректері, сондай-ақ авторлық бағдарламалар мен әдістемелік әзірлемелер сарапталды. Сонымен қатар, автор бақылау, интервью (әңгімелесу) және құжаттарды талдау әдістерін қолдану арқылы педагог қызметінің түрлі аспектілерін жан-жақты зерделеді. Мақалада интерпретациялық талдау тәсілі қолданыла отырып, педагогтің кәсіби дамуы мен оқыту әдістемесіндегі жаңашылдықтар сипатталып, оның тәжірибесі заманауи білім беру талаптарымен байланыстырылды. Сондай-ақ, педагогикалық іс-әрекеттің теориялық негіздері мен тәжірибелік нәтижелері арасындағы байланыс анықталып, педагогтің кәсіби ұстанымдары мен құндылық бағдарлары талдауға алынды. Жалпы, қолданылған әдістемелік тәсілдер зерттеу мақсатына сай келіп, педагог тұлғасының кәсіби даму динамикасын ашып көрсетуге, оның білім беру кеңістігіндегі рөлін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

2016 жылдан бастап біз Лаззат Умаровнамен бірлесіп, «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ (қазіргі атауы – «Талап» КЕАҚ) құрамындағы штаттан тыс тренерлер ретінде түрлі бағыттағы курстар мен семинарлар өткізіп келеміз. Аталған кезеңде ол CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдістемесін – пән мен тілді кіріктіріп оқыту тәсілін – терең меңгеріп, арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп келеді. Сонымен қатар, Лаззат Умаровна техникалық және кәсіптік білім беру саласында модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде авторлық тренингтер ұйымдастырып, Қазақстанның түрлі аймақтарындағы педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру ісіне елеулі үлес қосып жүр. 2018 жылы Кузбаева Лаззат Умаровна ғылыми-педагогикалық ізденісін жалғастырып, «Криптографиялық хаттамаларды құрудың және оны пайдаланудың теориялық аспектілері» тақырыбында магистрлік диссертациясын сәтті қорғап, жаратылыстану ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне ие болды. Бұл ғылыми жетістік оның оқыту әдістемесіне де, практикалық педагогикалық қызметіне де сапалы өзгерістер енгізіп, кәсіби қызметінің жаңа сатыға көтерілуіне ықпал етті.

Қазіргі таңда Лаззат Умаровна тек педагог қана емес, сонымен қатар кәсіби пікір алмасу алаңдарының белсенді қатысушысы болып табылады. Ол облыстық және республикалық деңгейдегі семинарлар мен ғылыми-тәжірибелік конференцияларда үнемі баяндама жасап, әріптестерімен өзінің тәжірибесі мен әдістемелік әзірлемелерімен бөлісіп келеді. Оның оқыту әдістемесіндегі жаңашыл көзқарасы, тәжірибелік шеберлігі мен үздіксіз дамуға деген ұмтылысы жас педагогтер үшін үлгі болуда. 2025 жылы Павлодар облыстық білім беру басқармасының ұйымдастыруымен өткен «ХІІ Ахметов оқулары. Заманауи білім беру үрдісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» атты ғылыми-тәжірибелік конференция аясында Лаззат Умаровнамен бірлескен ғылыми жұмысымыз жоғары бағаланып, І дәрежелі дипломмен марапатталды. Бұл марапат – кәсіби ынтымақтастық пен ортақ ғылыми ізденістің нәтижесі, білім беру саласына деген ортақ

жауапкершіліктің көрінісі. Лаззат Умаровнаның шәкірттері түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болып, ұстаз еңбегінің жоғары нәтижесін дәлелдеп келеді. Ал әріптестері арасында ол – әдістемелік көмек көрсетуден ешқашан бас тартпайтын, ынтымақтастық пен кәсіби қолдауға әрдайым ашық, ұлағатты ұстаз ретінде танымал. Лаззат Умаровна – қазіргі білім беру жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін, шығармашыл әрі білікті маман. Ол цифрлық технологияларды оқу үдерісіне тиімді енгізе отырып, білім беру мазмұнын жаңғыртуды мақсат тұтады. Әр сабағын интерактивті, креативті әдістермен ұйымдастырып, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, зерттеу және талдау дағдыларын дамытуға ерекше мән береді.



Сурет 2 – Педагогикалық шеберлік және жаңашыл әдістер: Л.У. Кузыбаева тәжірибесі

Ұжым ішінде де Лаззат Умаровна – сыйлы әрі беделді маман. Ол кәсіби ортада өзін әділеттілігімен, ұқыптылығымен және жоғары мәдениеттілігімен ерекшеленетін тұлға ретінде таныта білді. Жас мамандарға менторлық қолдау көрсету арқылы кәсіби әлеуеттің нығаюына үлес қосып келеді. Сонымен қатар, Лаззат Умаровна үнемі кәсіби дамуға көңіл бөліп, заманауи оқыту технологиялары мен әдістемелерін меңгеруге ұмтылады. Оның бастамасымен ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар мен тренингтерде тәжірибеге бағытталған нақты әдіс-тәсілдер ұсынылып, практикалық тиімділігі жоғары мазмұндар талқыланады. Бұл оның педагогикалық көшбасшылық қасиетінің айқын дәлелі болып табылады. Ұстаздың басты мақсаты – тек білім беру емес, сонымен қатар тәрбиелік ықпал ету екенін жете түсінетін Лаззат Умаровна

әрбір сабағында ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік пен адамгершілік қасиеттерді оқушы бойына сіңіруге зор мән береді. Білім мен тәрбиені қатар алып жүру – оның педагогикалық ұстанымының өзегі. Оқу орнының дамуына қосқан үлесі де айрықша: білім беру сапасын арттыру, оқу процесін жетілдіру және әдістемелік қолдау көрсету бағытында атқарған жұмыстары – оның кәсіби жауапкершілігінің және ұйымдастырушылық қабілетінің айғағы.

Талқылау

Бүгінгі білім беру жүйесі педагог кадрлардан тек кәсіби білім мен дағды ғана емес, сонымен қатар әдістемелік жаңашылдық, цифрлық құзыреттілік және тәрбиелік бағдар сияқты кешенді қасиеттерді талап етеді. Осы орайда Кузбаева Лаззат Умаровнаның педагогикалық қызметі заманауи мұғалім моделінің нақты мысалы ретінде қарастырылуы орынды. Автор талдаған тәжірибе көрсеткендей, CLIL әдістемесін тиімді қолдану, модульдік-құзыреттілік тәсілдерге негізделген тренингтер өткізу, сондай-ақ цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу – оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, тұлғалық дамуын қолдауға және сапалы білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді. Бұл тәсілдер оқытушының рөлі мен миссиясын қайта пайымдауға, яғни оны білім көзі ғана емес, бағыт-бағдар беруші көшбасшы ретінде тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогтың кәсіби ортадағы белсенділігі – ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысуы, әріптестік желілерде тәжірибе алмасуы, жас мамандарға тәлімгерлік етуі – кәсіби қауымдастықтағы ынтымақтастық мәдениетінің дамуына негіз болады. Бұл факторлар қазіргі білім беру саласының стратегиялық мақсаттарына – сапалы кадрлар даярлау, үздіксіз кәсіби даму және педагогикалық көшбасшылықты қалыптастыру – сай келеді. Жоғарыда келтірілген тұжырымдар Кузбаева Лаззат Умаровнаның тәжірибесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерделеудің өзектілігін көрсетеді. Оның қызметі болашақ педагогтер үшін бағдар ретінде қарастырылып, отандық білім беру кеңістігінде үздік тәжірибе үлгісі ретінде танылуға лайық.

Қорытынды

Кузбаева Лаззат Умаровнаның кәсіби-педагогикалық қызметі қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талаптары – жаңашылдық, үздіксіз даму, цифрлық сауаттылық және тәрбиелік бағдарға толық сай келеді. Оның оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі белсенділігі, әдістемелік ізденісі мен тәжірибелік шеберлігі педагог тұлғасының заманауи моделін қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогтың CLIL әдістемесін тиімді меңгеруі, модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген авторлық тренингтері мен цифрлық технологияларды қолданудағы шеберлігі білім алушылардың пәндік құзыреттерін ғана емес, тұлғалық және зерттеушілік әлеуетін де дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, кәсіби пікір алмасу алаңдарындағы белсенділігі, жас мамандарға тәлімгерлік қолдауы және оқу үдерісін жетілдірудегі ұсыныстары оның педагогикалық көшбасшылық қабілетін айқындайды. Жалпы алғанда, Кузбаева Лаззат Умаровна – ғылыми-практикалық қызметін үйлестіре білген, педагогикалық этика мен кәсіби жауапкершілікті жете меңгерген ұстаз. Оның

тәжірибесі мен құндылықтары заманауи қазақстандық білім берудің сапасын арттыруға зор үлес қосып келеді. Мұндай ұстаздардың еңбегі – ұлттық білім беру кеңістігінің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің кепілі.

Қолданылған деректер тізімі

- 1.«Turbo Pascal» бағдарламалау тілін оқытуға арналған оқу әдістемелік құрал, ISBN 978-601-229-607-9
2. «CLIL әдістемесі» оқытушыларға арналған әдістемелік көмекші құрал ISBN 978-9965-753-65-4
3. «Крмптографиялық хаттамаларды құрудың және оны пайдаланудың теориялық аспектілері» әдістемелік көмекші құрал, ISBN 978-601-351-198-6
- 4.Педагогтерге арналған әдістемелік көмекші сайт, Сілтемесі <https://lazzatkusbaeva.tilda.ws/>. ID Контакта: PS-KZ-1708329877, Домен kuzbayeva.kz. Сертификат о регистрации домена 22.02.2024
5. Компьютерлік және мобильді құрылғыларды баптау: қауіпсіздік пен тиімділік. Практикум, 978-5-4497-4327-5.
<https://www.iprbookshop.ru/150229.html>
6. «Information security problems», Journal of Science and Research (JSR) қыркүйек, 2023
7. «Жасанды интеллект пен интернет ресурстары арқылы оқытуды жетілдіру жолдары», Journal of Science and Research (JSR) қараша, 2024
8. «Искусственный интеллект – изменение методики и содержания технического образования», 2025
9. «Нанотранзисторлар өндірісіндегі инновациялық технологиялар», Вестник, 2025

Педагогическое мастерство и профессиональное лидерство в современной системе образования: эмпирический и научный анализ

Канагатова Макпал Серикжановна^{1*}

¹ Колледж информационных технологий, Павлодар, Қазақстан.

**E-mail: Makpal.ai@mail.ru*

Аннотация. В статье рассматривается значение педагогического мастерства и методических инноваций в условиях современного образовательного процесса. На примере профессиональной и научно-педагогической деятельности казахстанского педагога Лаззат Кузбаевой раскрываются аспекты формирования личности учителя и его профессионального развития. Особое внимание уделяется эффективному использованию интегрированного обучения предмету и языку (CLIL), модульно-компетентностного подхода и цифровых технологий в образовательном процессе. Освещаются вклад педагога в развитие критического мышления, исследовательских и аналитических навыков учащихся, её активное участие в научно-методических мероприятиях и наставничество над молодыми специалистами. Автор подчёркивает стремление педагога сочетать академическое обучение с воспитательной функцией, способствуя раскрытию личностного потенциала обучающихся. Представленные результаты способствуют осмыслению трансформации роли учителя в современной образовательной среде.

Ключевые слова: педагогическое мастерство, профессиональное развитие, методические инновации, CLIL, цифровые технологии, обучение и воспитание, личность учителя, методы преподавания, педагогическое лидерство, наставничество.

Pedagogical excellence and professional leadership in the modern education system: an empirical and scientific analysis

Kanagatova Makpal Serikzhanovna^{1*}

¹ College of Information Technologies, Pavlodar, Kazakhstan.

**E-mail: Makpal.ai@mail.ru*

Abstract. This article explores the importance of pedagogical mastery and methodological innovation in the context of modern education. Based on the professional and academic experience of Kazakhstani educator Lazzat Kuzbayeva, the study outlines the process of professional development and teacher identity formation. Particular attention is given to the effective implementation of content and language integrated learning (CLIL), the use of modular-competence-based approaches, and the integration of digital technologies in teaching. The article highlights the teacher's contribution to developing students' critical thinking, research, and analytical skills, as well as her active participation in scientific-methodological events and mentorship of young educators. The author emphasizes the educator's commitment to combining academic learning with values-based education and unlocking students' personal potential. The findings contribute to understanding the transformation of the teacher's role in the evolving educational landscape.

Keywords: pedagogical mastery, professional development, methodological innovation, CLIL, digital technologies, education and upbringing, teacher identity, instructional methods, pedagogical leadership, mentorship.